

Қазақстанның сыртқы саясат стратегиясындағы Түркияның алатын орны

Түркия – 1991 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғаш таныған мемлекет. Халықтарының түптамыры бір әдет ғұрыптары, салт дәстүрлері ұқсас қос мемлекет халықаралық аренада стратегиялық әріптес болып табылады.

Бірден бір тұрақты және болашақтағы әріптес ретінде Қазақстан Түркия Республикасымен екі жақты қарым-қатынас орнатып келеді. 1992 жылы 2 наурызда екі мемлекет арасында екі жақты қарым қатынас орнатылды. Елдер ұзақ мерзімді ынтымақтастық негізін қалап, мемлекетаралық келісімге қол қойды. 1993 жылы Президент Т. Озалдың Қазақстанға ресми сапары және 1994 жылы Президент Назарбаев Түркияға ресми сапары барысында басшылар болашақтағы өзара ынтымақтастық туралы қарады. Онда Қазақстан бұл елмен саяси, экономикалық гуманитарлық салаларда байланысты орнықтыруға дайын екендігін көрсетті. Өзара ынтымақтастықта екі елге де ортақ мәселе ол халықаралық саясат және қауіпсіздік саласы болып табылады [1: 45].

Қазақстан мен Түркияның стратегиялық серіктестер екендігі 2003 жылы мамыр айында Қазақстан басшылығының Түркияға жасаған ресми сапары барысында мәлімделінген болатын.

Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым қатынастың өн бойына «аға інілік» емес, тең әріптестік арқау болып отыр. Бұған Елбасының 2009 жылғы Түркияға сапары кезінде екі елдің Стратегиялық әріптестік туралы келісімге келуі айғақ. Осы ретте нақты түрде айтатын болсақ, 2009 жылдың қазан айының 22 күні Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Түркия республикасына ресми сапармен келуі-екі ел арасындағы ынтымақтастың жоғарғы деңгейде екендігінің айғағы. Бұл ресми сапар барысында Қазақстан мен Түркия мемлекеттерінің басшылары, ең алдымен Анкара қаласындағы ататүрік мемориалды кешенін аралап, Түркия мемлекетінің негізін қалаушы тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік кесенесіне гүл себетін қою рәсіміне қатысады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Түркия Республикасының Президенті Абдолла Гүлмен шағын құрамда кездесті. Кеңейтілген құрамдағы келіссөздерден кейін мемлекет басшылары екі жақты құжаттарға, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы Шартқа қол қойды. Бұл құжатта қол қою барысында Абдолла Гүл стратегиялық әріптестік туралы шарт түркітілдес мемлекеттердің арасындағы бірінші болып Қазақстанмен жасалғанын атап өткен еді [2: 318].

Осы айтылғандарға сәйкес жалпы стратегиялық әріптестік даму кезеңдері 2003 жылы екі мемлекет арасында стратегиялық қатынастар орнату туралы мәлімдеме жасалса, 2009 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Түркияға жасаған сапары барысында Қазақстан мен Түркия Республикалары арасындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылды. Осылайша екі мемлекет арасындағы байланыстар жаңа деңгейге көтерілді.

Екі жақты қатынастардың тығыз дамуына 2009 жылғы 3 қазан күні Нахчыван қаласында өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының ІХ саммиті де өзіндік үлес қосты. Бұл саммитте Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев, Әзербайжан президенті И.Әлиев, Қырғызстанның сол кездегі президенті Қ. Бакиев және Түркия Президенті Абдулла Гүл этникалық, тарихи және мәдени түбірлері ортақ серіктес елдердің даму болашағын талқылау үшін кездескені белгілі. Өз сөзінде Қазақстан Президенті қазіргі уақыттағы Анталияда өткен УІІІ саммитте Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия парламенттері қабылдаған жалпы түркілік құрылымды құру жөніндегі шешім орындалып жатқанын және түркітілдес мемлекеттердің парламенттік Ассамблеясы құрылғанын атап өткен еді. Сол ретте Н.Назарбаев «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық Кеңесін – жаңа өңіраралық ұйымды» қалыптастыру бастамасын дамытуды ұсынған болатын.

Сонымен қатар екі ел Үкіметтері арасындағы ғылым мен техника, туризм, қоршаған ортаны қорғау салаларындағы Ынтымақтастық туралы Келісімдерге қол қойған еді. 23 қазанда Қазақстанның Елбасы Анкара қаласында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының штаб пәтерінде болып, ұйым жұмысымен танысқан еді [2: 320].

Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым - қатынастың даму дәрежесі әртүрлі салаларда дамып келеді.

Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара қатынастың маңызды салаларының бірі әскери және әскери техникалық ынтымақтастық болып табылады. 2005 жылдың 13-15 маусымында Түркия Республикасының Бас штабының басшысы Х. Өзкөк Қазақстанға ресми сапарымен келсе, өз кезегінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М. Алтынбаев 2006 жылы 28-29 маусымда Анкарада ресми сапармен болып қайтты. Сапарлар барысында тараптар әскери техникалық ынтымақтастықты нығайту қажеттілігі жөнінде келісімге келіп, сонымен бірге қорғаныс саласындағы екі елдің бірлескен өнеркәсібі жөніндегі мүмкіндіктерді қарастырған болатын.

Сонымен қатар Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара қатынастың тағы бір салаларының бірі - білім саласындағы байланыстар. 1992 жылы Қазақстан мен Түркия президенттері қол қойған білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастық келісімшарттары екі елдің осы саладағы қарым қатынасының өзара дамуының негізін қалады [3: 26].

Ал 2010 жылғы мамыр айында Қазақстанға ресми сапармен Түркия Республикасының президенті Абдулла Гүл келгенде оны Шымкент әуежайында Елбасы Н. Назарбаевтың өзі қарсы алды. Бұл сапардың нәтижелері екі ел арасындағы қатынастардағы кезекті мәселелер мен болашақ дамудың айнасы.

Екі елдің арасындағы әртүрлі саладағы ынтымақтастығы қазіргі кезеңдегі өзінің тұрақтылығы мен екі ел басшыларының дәстүрлі түрде саяси, сауда-экономикалық және мәдени гуманитарлы байланыстарды нығайтумен ерекшеленеді. Аталған мәселеге екі ел халықтарының бір бірімен тарихи, мәдени және этно- діни жақындықтары да өзіндік жағымды әсерін тигізуде.

Сонымен қатар Қазақстан мен Түркия түркі әлемі интеграциясының бастамашылары болып табылады. Сонау 30 жылдары М.К. Ататүрік КСРО ның

құлауы мүмкін екендігін, Түркия басшылығының жаңадан пайда болатын тәуелсіз түркі мемлекеттеріне көмек көрсетуге дайын болу қажеттігін ескертіп кеткен еді. Бұл өсиет қазіргі басшылардың қолдауы арқасында жүзеге асып келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің саяси бастамасымен Түркі тілдес елдер ынтымақтастық кеңесі құрылды. Аталмыш Кеңес хатшылығы Түркияның Ыстамбұл қаласында орналасқан.

Екі мемлекет арасындағы негізгі экономикалық ынтымақтастық сауда, энергетика көлік қатынастары, ауыл шаруашылығы, туризм және т.б. салаларды қамтиды. Соған сәйкес екі ел арасындағы сауда экономикалық қатынастар да жедел қарқынмен дамуда. Түркия мұнай өндіру қуат көздерін мұнай газ және тағы басқа тасымалдау саласындағы жобаларға ерекше көңіл бөлуде. Осындай негізде қалыптасқан қазақ түрік ынтымақтастығын екі ел басшылығы соңғы кезде одан да берік нығайта түсуге бағыт ұстанады. Оған екі ел арасындағы қатынастар деңгейі куә.

Түркияның саяси жетекшілері Қазақстанды Орталық Азиядағы саяси және сауда экономикалық саладағы сенімді әріптесі деп санайтындықтарын мәлімдейді. Қазақстан Республикасының Парламентінің депутаттары алдында Түркия республикасының Президенті Абдулла гүл жаңа жібек жолын жаңғыртудың тарихи роліне екі елдің ие екендігін жария еткен болатын. Ол өз сөзінде : «Түркия мен Қазақстанға жаңа көліктік байланыс және энергетикалық дәліздерін дамыту ісінде маңызды рол мен тарихи жауаптылық жүктелуде. Яғни жаңа Жібек жолын жаңғырту Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты өзара жақындатады, аймақ елдерінің экономиканың олардың әл-ауқатының дамуына үлесін қосады», - деген [2: 320].

2009 жылы 29 қаңтарда Бүкіләлемдік экономикалық форум аясында Қазақстан Президенті Н. Назарбаев бірқатар екі жақты кездесулер кезінде мемлекет басшысы Түркия премьер-министрі Реджеп Эрдоғанмен бейресми кездесу өткізген болатын. Екі жақты сұхбат барысында екі ел арасындағы мәдени гуманитарлық қатынастарды дамыту мәселесіне айрықша мән берілді.

Осы айтылғандарға қарап, екі ел арасындағы сауда экономикалық қатынастар да жедел қарқынмен дамып келеді деп пайымдауымызға болады. Түркия Республикасы Үкіметі жанындағы Сыртқы сауда жөніндегі агенттік мамандарының сараптамасына жүгінсек, Қазақстан экономикасының даму қарқыны түркиялық іскер орталығының біздің елге деген қызығушылығын арттыра түсуде. Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігінің мәліметі бойынша 2006 жылы екі ел арасындағы сауда айналым 478,8 млн долл. құраса, 2005 жылы 556,9 млн. долл. құрады.

2011 жылы қаңтар айында Алматы қаласында Қазақстандық түріктік кәсіпкерлер Ассоциациясының қатысуымен өткен бас қосуда екі жақты сауда экономикалық қатынастардың өзекті мәселелері талқыланған болатын. Екі елдің өзара қатынасын нығайтуда сауда экономикалық ынтымақтастықтың мәні ерекше екендігін атай келіп, оның басты міндеті өзара сауда көлемін арттыра түсуде, сол ретте 2010 жылдың қорытындысы бойынша аталған көрсеткіш 3,170 млрд АҚШ долл. құрады [2: 321].

Қазақстандағы түрік компаниялары 1993-2011 жылдар аралығында ел экономикасына 2 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция кұйды. Бұл көрсеткіш Түркияның Қазақстандағы инвестиция көлемі бойынша 15 орында тұрғанын көрсетеді. Бүгінгі таңда Қазақстанда ден астам қазақ түрік бірлескен кәсіпорындары жұмыс жасайды.

Қазақстан мен Түркияның өзара қарым-қатынас мәселелері сонымен қатар 2011 жылдың 7 ақпанында Астана қаласында Қазақстан мемлекет хатшысы, сыртқы істер министрі Қ.Саудабаев пен Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңестің атқарушы директоры, елші Чинар Алдемирмен болған кездесуде талқыланды.

Түркия өз кезегінде ресми Астананың халықаралық аренадағы барлық бастамаларына қызу қолдау көрсетеді. 2005 жылы мамыр айында Түркия Қазақстан Республикасының Анкараның Орталық Азия өңіріндегі сенімді серігі екендігін ресми мәлімдеді. Сонымен қатар, Түркия 2009 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на және БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік кеңесі төрағалығына ұсынылған кандидатурасын алғашқылардың бірі болып қолдады.

Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде атап өткендей «Қазақ-Түрік қатынастары шапшаң қарқынмен дамып келеді. Қазір экономика, мәдениет, білім салаларының қай-қайсысында да бірлескен жобаларымыз өте көп. Біздің халықтарымыз- әрі терезесі тең ықпалдастар, әрі тегі мен түбі бір ағайындар. Олардың арасындағы мызғымас достықты қазақстандықтар әрдайым қадірлеп, мақтан тұтады», - деп атап өткен болатын. Міне сондықтан да қазіргі кезде Қазақстанның сыртқы саясатындағы стратегиялық әріптес ретінде Түркия Республикасының алатын орны ерекше деп көрсетуге болады [4: 205].

«Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында өз қауіпсіздігі мен аймақтық тұтастығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан көршілерімізбен берік достық қарым-қатынас еліміздің стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін міндетті шарттардың бірі.

Сонымен, Қазақстан мен Түркия арасындағы саясат, қауіпсіздік және экономика салаларындағы ынтымақтастық қазіргі кезеңнің талаптарына сәйкес дамып отыр деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі?

1. Тоқаев Қ. Дипломатия республики Казахстан.- Астана : Елорда.-2001. - 552 б.
2. Т.С. Сүлейменов, Б.Ж. Сомжүрек, Р.С. Елмырзаева. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты: оқулық.-Алматы: Экономика. 2012. -468 б.
3. Ардақ Аупбаева. Қазақстан Түркия: білім саласындағы байланыстар. Ақиқат,-2002ж, №2
4. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында . Алматы: « Өнер».-1996. -272 б.

Байбосын Ләйлә Сәндбекқызы

*БІ.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты,
Арқалық қ. Қостанай облысы*
l.baybosyn@mail.ru